

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ТӘРБИЕЛІ, АДАЛ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ БОЛУ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ!

Қазақстандықтардың ұсынылған 11 өмірлік құндылықтың ішінде қайсысын өзі үшін маңызды деп есептейтіндігі туралы сауалнама нәтижелерін ұсынамыз.

Респонденттер үшін **адамгершілік мінсіздігі мен мінез-құлық әдептілігін көрсететін** өмірлік құндылықтар ең **үлкен мәнге ие: Тәрбиелілік (95,8%)** және **Адалдық/Әділдік (94,5%)**.

Сауалнама көрсеткендей, қазақстандықтарға ой мен әрекет бостандығы, өзі үшін белгілі мақсаттар қоя білу және оларға қол жеткізу қабілеті маңызды екенін көрсетті. Осылайша, ең маңызды өмірлік TOP- 3 құндылықтар ретінде **Тәуелсіздік/Өз бетінше әрекет ету қабілеті танылды (91,3%)**.

Респонденттердің пікірінше, ұлттық бірегейлік ең маңызды құндылық болып саналады (67,7%).



1-сурет. Сіз үшін маңыздылығы тұрғысынан өмірлік құндылықтарды бағалауыңызды өтінеміз

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.

Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – 2019 ж. мамыр.